- Бұл электр аспап тек тағам өнімдерін сақтау үшін пайдаланылуға тиіс. Кез келген басқа қолдану қауіпті болып саналады және өндіруші ондай қолданудың теріс салдары үшін жауапкершілік көтермейді. Сондай-ақ кепілдік шарттарымен танысып шығуға кеңес береміз.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Тоңазытқышта R600a тоңазытқыш агент (изобутан) және жылу оқшаулағыш газ болады, олар қоршаған ортаны ластау тұрғысынан қауіпсіз, бірақ сонда да жанғыш газдар болып табылады. Қауіпті жағдаяттардың туындауына жол бермеу үшін, төмендегі қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану қажет:

- Осы электр аспапқа қызмет көрсетуге байланысты қандай да бір операцияларды орындаудан бұрын қоректендіру бауын электр розеткасынан суырыңыз.
- Тоңазытқыштың артқы қабырғасында және ішінде орналасқан тоңазытқыш жүйенің құрамында тоңазытқыш агент болады. Тоңазытқыш жүйенің құбырларын зақымдап алмау үшін сақ болыңыз.
- Егер тоңазытқыш жүйеден тоңазытқыш агенттің жылыстауы анықталса, қоректендіру бауынан ұстамаңыз және электр аспаптың маңында ашық отты пайдаланбаңыз. Терезені ашып, үй-жайды желдетіңіз. Содан кейін сервистік орталыққа қоңырау шалып, тоңазытқышты жөндеуді орындау үшін маманды шақырыңыз.
- Тоңазытқыштың ішінде түзілген мұзды немесе қырауды пышақпен немесе басқа бір өткір затпен қырмаңыз. Бұл тоңазытқыш жүйенің зақымдалуына және одан тоңазытқыш агенттің ағуына әкеліп соғуы, ал ол болса, өз кезегінде, өртке немесе сіздің көзіңізге зақым келуіне әкеліп соғуы мүмкін.
- Электр аспапты сыз, май төгілген немесе шаң басқан үй-жайларда орнатпаңыз, оны тура күн көзінің және судың әсерінен сақтаңыз.
- Электр аспапты қыздырғыштар мен жанғыш материалдарға жақын орналастырмаңыз.
- Ұзартқыш баулар мен электр жалғастырғыш тетіктерді пайдаланбаңыз.
- Қоректендіру бауына шамадан артық күш салмаңыз және қоректендіру бауын бүктемеңіз, сондай-ақ оны су қолмен ұстамаңыз.
- Қоректендіру бауы мен қоректендіру бауының ашасын зақымдап алудан сақ болыңыз; бұл электр тогының соққысын алуға немесе өрт шығуға әкеліп соғуы мүмкін.
- Қоректендіру бауының ашасы таза болуға тиіс; қоректендіру бауының ашасында шаң көп жиналса, бұл өрт шығуға себеп болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты жібіту үдерісін тездету үшін механикалық құрылғылар мен басқа жабдықты пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышты жібіту үдерісін тездету үшін ашық отты немесе қыздырғыштар, бумен тазалағыштар, білтелер, майшамдар секілді және оларға ұқсас жабдықты пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.
- Тоңазытқышқа жақын жерде ыстық, мысалы, аэрозольдік қапталымындағы бояулар секілді спрейлерді пайдаланбаңыз және сақтамаңыз. Бұл талаптың орындалмауы жарылысқа немесе өртке әкеліп соғуы мүмкін.
- Егер тоңазытқышты өндіруші ондай аспаптарды ұсынбаған болса, тамақ сақтауға арналған бөлімдердің ішінде электр аспаптарды пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышқа ыстық және жылдам ұшқыр, мысалы, бензин, сұйытылған мұнай газы, пропан, аэрозольдік қапталымдағы зттектер, желімдер, таза спирт секілді және т.т. материалдарды қоймаңыз. Бұл талаптың орындалмауы жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.
- Тоңазытқышта медицинаменттер мен ғылыми зерттеулерге арналған материалдарды сақтамаңыз. Олар үшін қатаң бақылау талап етілетін материалдарды сақтаған жағдайда, ондай материалдар бүлінуі мүмкін, немесе бақылаудан тыс химиялық реакция орын алып, ол қауіпті жағдаяттардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың корпусындағы және тоңазытқыш оның ішіне орнатылатын жиһаздағы желдету ойықтарының кірмен немесе шаңмен бітеліп қалмауын қадағалаңыз.
- Тоңазытқыштың үстіне су толтырылған ыдыстарды және/немесе контейнерлерді қоймаңыз.
- Тоңазытқышты жөндеуді өз бетіңізбен орындамаңыз. Барлық жөндеу жұмыстарының теек тиісті біліктілікке ие қызметші құрам орындауға тиіс.

•Бұл аспап, егер олар тек бақылаудың астында болмаса немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін адамның аспапты пайдалану туралы нұсқауландыруынан өтпеген болса, физикалық, психикалық немесе ақыл-ой қабілеті төмен немесе олардың тәжірибесі немесе білімдері жоқ адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған.

Балалар аспаппен ойнауға жол бермеу үшін ересектердің қарауында болуға тиіс. Электр аспапты тазалау және қызмет көрсету ересек адамдардың қадағалауынсыз орындала алмайды.

Термостаттың тұтқасын сағат тілінің бағытына қарсы ақырына дейін бұрған кезде, сізді шыртып еткен дыбысты естисіз, ол электр аспаптың өшкенін білдіреді.

Электр аспап ол іске пайдаланылатын орнына орнатылғаннан кейін, оның қоректендіру бауына және электр аспап оған қосылатын электр розеткасына ыңғайлы қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Электр розеткасы қоректендіру бауының ашасына дәл келетін болуға тиіс. Егер электр розеткасы қоректендіру бауының ашасына дәл келмейтін болса, тәжірибелі электриктің қоректендіру бауының ашасын ауыстыруын сұраңыз; ұзартқыш бауларды және/немесе жалғастырғыш тетіктерді пайдаланбаңыз.

Тоңазытқыштың ішкі бөлшектері мен мұздатылған өнімдерді дымқыл немесе су қолмен ұстамаңыз. Бұл суықтан күйге әкеліп соғуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспаптың корпусында орналасқан желдету ойықтарын көлегейлемеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жібіту үдерісін тездету үшін механикалық құралдарды немесе өндірушінің ұсынғандарынан бөлек, басқа құралдарды пайдаланбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер тек ондайлардың типі өндірушінің ұсыныстамаларына сәйкес келмесе, тамақ сақтауға арналған аспаптардың бөлімшелерінің ішінде электр аспаптарды пайдаланбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тоңазытқыш агенттің контурының зақымдалуына жол бермеңіз.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қапталымдағы тоңазытқыш табиғи желдетуі бар жабық үй-жайларда 80 пайыздан жоғары емес салыстырмалы ылғалдылық жағдайында сақталуға тиіс.
- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы іске пайдаланылмайтын болса, оны электр желісінен ажырату, өнімдерді шығару, мұздатқыш камераны жібіту, камераларды жиыстыруды жүргізу керек. Камераларда иіс пайда болмауы үшін, жиыстырғаннан кейін есікшелерді сәл ашық қалдыру керек.
- Тоңазытқышты жұмыс қалпында (вертикалды түрде) жабық көліктің кез келген түрімен, оны сенімді орнықтырып тасымалдау қажет.
- Тоңазытқышты тиеу-түсіру жұмыстары кезінде оны соққылық жүктемелерге ұшыратуға тыйым салынады.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тоңазытқышты есікшелерін, есікшелердің тұтқаларын, әшекейлік қалқаншаны (болған жағдайда) сындырып алмау үшін, олардан ұстап жылжитпаңыз.

Ескі электр аспапты кәдеге жарату



Бұл электр аспапты дұрыс кәдеге жарату өзінің мерзімін өткерген бұйым дұрыс кәдеге жаратылмаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі. Электр аспапты дұрыс кәдеге жаратқан кезде құнды шикізаттық материалдарды қалпына келтіруге болады.

Электр аспапта электр және электрондық жабдықты кәдеге жаратуға қатысты 2012/19/EU еуропалық директивасының (WEEE) талаптарына сәйкес орындалған таңбалама бар. Электр аспапта символ өзінің мерзімін өткерген электр аспап әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді лақтырып тасталмауға тиіс, бірақ электр және электрондық жабдықты екінші қайтара пайдалануды жүзеге асыру үшін жақын жердегі жинау пунктіне жөнелтілуге тиіс екенін көрсетеді. Кәдеге жарату жергілікті қалдықтарды әкету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Бұйымның құрамына кіретін материалдарды қайта өңдеуге, қалпына келтіруге және қайтадан пайдалануға қатысты толығырақ ақпарат алу үшін, құзыретті органға (Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігі), қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын қызметке немесе өзіңіз одан бұйымды сатып алған сауда кәсіпорнына хабарласыңыз.

Қоректендіру бауын қиып алып, қоректендіру бауының ашасымен бірге қалдықтарға тастаңыз.

Дұрыс кәдеге жаратуды жүзеге асыру үшін тоңазытқыштың түтіктерін зақымдап алмаңыз, өйткені оларда тоңазытқыш агент болады.

Қапталымдық материалдарды кәдеге жарату жергілікті қалдықтарды әкету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

WEEE құрамына қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін қоршаған ортаны ластайтын заттар мен оларды екінші қайтара пайдалануға болатын негізгі компоненттер кіреді. Қоршаған ортаны ластайтын барлық заттарды дұрыс кетіру және кәдеге жарату мен ондай материалдарды қалпына келтіру және екінші қайтара пайдалану үшін, WEEE арнайы өңдеуге қатысты ақпаратқа ие болған өте маңызды.

Адамдар WEEE қоршаған ортаны ластамауын қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл орайда төмендегі негізгі ережелерді басшылыққа алу қажет:

- WEEE әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді тасталмауға тиіс.
- WEEE муниципалдық билік органдары немесе тіркелген компаниялар басқаратын тиісті жинау пункттеріне әкелілуі тиіс. Көп елдерде ірі WEEE үшін үйден жинап әкету ұйымдастырылған.
- Жаңа электр аспапты сатып алған кезде ескі электр аспап егер қайтарылатын жабдық жаңа жабдықпен бір типті және тап сондай функцияларды атқаратын болса, "бірге бір" принципі бойынша тегін қабылдауға тиіс дүкенге қайтарылуы мүмкін.

Сәйкестік декларациясы

CE Бұл электр аспап тағам өнімдерін сақтауға арналған және (EO) № 1935/2004 еуропалық ережелердің талаптарына сәйкес жасап шығарылған. Бұл бұйым 2004/1 08/EO, 2006/95/EO еуропалық директивалардың және аталған директиваларға келешектегі толықтырулардың талаптарына сәйкес келеді.

EMC Бұл электр аспап тағам өнімдерін сақтауға арналған және Кедендік Одақтың төмендегі техникалық регламенттеріне сәйкес келеді:

- ҚО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың сәйкестігі туралы»
- ҚО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі»

Бұйым «РОСТЕСТ-МОСКВА» өнімдер мен қызметтерді сертификаттау жөніндегі органында сертификатталған, Мәскеу қаласы.

Сіз сәйкестік сертификатының көшірмесін бұйым сатып алынған дүкеннен немесе sandymow@sandy.ru электрондық поштасы бойынша сұрау жасап алуыңызға болады.

ОРНАТУ

ЕСКЕРТУЛЕР:

- Бұл электр аспапты ылғалды және сыз үй-жайларда орнатпаңыз, өйткені бұл электр оқшаулауының нашарлауына және тоқтың жылыстауының түзілуіне әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, тоңазытқыштың сыртқы беттерінде ылғал конденсатталуы мүмкін.
- Электр аспапты ашық ауада және жылу көздеріне жақын орнатпаңыз, сондай-ақ оны тура күн көзінің әсерінен қорғаңыз.

Бұл электр аспап қоршаған ауаның температураларының төмендегі көрсетілген диапазондарында қалыпты жұмыс істейді.

- + 10° C - + 32° C градус аралығында SN климаттық класы үшін
- + 16° C - + 32° C градус аралығында N климаттық класы үшін
- + 16° C - + 38° C градус аралығында ST климаттық класы үшін
- + 16° C - + 43° C градус аралығында T климаттық класы үшін (Климаттық класс бұйымның төлқұжаттық табличкасында көрсетілген)

- Тоңазытқыштың үстіне сұйық құйылған контейнерлерді қоймаңыз.
- Электр аспапты біржола орнатқаннан кейін оны қосардан бұрын кем дегенде 3 сағат күте тұрыңыз.

Электр желісіне қосу

Электр аспап сіздің үйіңізге жеткізілгеннен кейін оны вертикалды қалпына қойыңыз да, оны электр желісіне қосардан бұрын 2-3 сағат күте тұрыңыз. Қоректендіру бауының ашасын электр розеткасына сұғардан бұрын, мыналарға көз жеткізіңіз:

- Электр розеткасының жерге тұйықтау контакты бар және электротехникалық ережелер мен нормаларға сәйкес келеді.
- Электр розеткасы тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында көрсетілген оның максималды жүктемесіне (қуаттылығына) шыдайды.
- Электр желісінің кернеуі тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында көрсетілген қоректендіру кернеулерінің диапазонының шектерінен шықпайды.
- Қоректендіру бауының бүктелген және жаншылған жерлері жоқ.
- Қоректендіру бауын тексеру жүйелі түрде жүзеге асырылып отыруға тиіс және оны ауыстыруды тек уәкілетті сервистік орталықтың бекітілген маманы жүзеге асыруға тиіс.
- Егер аталған қауіпсіздік шаралары сақталмаса, онда өндіруші оның теріс салдары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

Тоңазытқышты қосу

Тоңазытқыштан барлық орамаларды/қапталымды алып тастап, оның ішкі беттерін ас содасы қосылған сумен мс немесе бейтарап сабын ерітіндісімен жуып шығыңыз. Тоңазытқыш іске пайдаланылатын орнына орнатылғаннан кейін, оған жаңа немесе мұздатылған өнімдерді қоймай тұрып, тоңазытқыштың/мұздатылғыштың қалыпты температурасы орнауы үшін 2-3 сағат күте тұрыңыз.

Қоректендіру бауын электр желісінен ағытқан кезде, оны қайтадан қосардан бұрын кем дегенде бес минут күте тұрыңыз. Содан кейін электр аспап жұмысқа өзін береді.

ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ


Қосу/Өшіру (дисплейі жоқ модель)

- Электр аспапты басқаруға арналған термостат блогы тоңазытқыш бөлімшенің ішінде орналасқан Термостаттың тұтқасын "0" қалпына бұрыңыз. Тоңазытқыштың есікшелері ашылған кезде тоңазытқыштың ішінде жарық жанады. Термостаттың тұтқасын "0" қалпына орнату электр аспаптың толық ажыратылуына алып келеді



1-ші сурет

Температураны реттеу (дисплейі жоқ модель)




2-ші сурет

- Температураны реттеу екі бөлімшеде де термостаттың тұтқасын айналдыру арқылы жүзеге асырылады (2-ші сурет). Термостаттың тұтқасының керекті қалпын таңдаңыз:
- Тоңазытқыш пен мұздатылғышта біршама төмен температура орнату үшін, термостаттың тұтқасын 5 позициясының бағытына қарай бұрыңыз
- Тоңазытқыш пен мұздатылғышта біршама жоғары температура орнату үшін, термостаттың тұтқасын 0 позициясының бағытына қарай бұрыңыз

Тоңазытқыш бөлімшедегі желдеткіш (модельдердің барлығында бірдей бола бермейді)

Өндіруші зауытта желдеткішті ажыратқыш ӨШІРУЛІ (OFF) қалпына орнатылады.

Желдеткішті қосу үшін ажыратқыштың түймешігін басыңыз (3-ші сурет). Электр энергиясын үнемдеу мақсатында желдеткішті тек қоршаған ауаның температурасы 28-30° C градустан асқан уақытта қосуға кеңес беріледі.



3-ші сурет


ӨНІМДЕРДІ ДҰРЫС САҚТАУ

• Тамақтың хош иісін, нәрлік сипаттары мен тыңдығын сақтап қалу үшін, тамақты тоңазытқыш бөлімшеде төменде келтірілген 4-ші суретте көрсетілгендей сақтауға кеңес беріледі. Өнімдерді фольгаға немесе пластик таспаға ораңыз немесе тамақты тиісті жабық контейнерлерде сақтаңыз. Бұл тамақ тоңазытқышта сақталатын басқа өнімдердің иістерін сіңірмеуі үшін қажет.

Тоңазытқыш бөлімше

Жемістер / Көкөністер


• Жемістер мен көкөністердегі ылғалдың ысырабын азайту үшін, ондай өнімдер жемістер мен көкөністерді сақтауға арналған бөлімшеде пластик таспаға ораулы түрде немесе пластик пакеттерде сақталуға тиіс. Бұл ондай тағам өнімдерінің жылдам бұзылуына жол бермейді.



4-ші сурет

Тоңазытқыш бөлімшенің нөлдік аймағы


(модельдердің барлығында бірдей бола бермейді)
Төмендегі көрсетілген аймақ ет, балық, тауық етін және т.т. сақтау үшін ұсынылады, бұл аймақта жемістер мен көкөністерді сақтамаңыз, өйткені олар мұздап қалуы мүмкін.



Қоса орнатылатын техника


Ең суық аймақтағы температура индикаторы

(модельдердің барлығында бірдей бола бермейді)
Тоңазытқыштардың кейбір модельдері сіз тоңазытқыштың ішіндегі температураны бақылай алуыңыз үшін, тоңазытқыш бөлімшенің ең суық аймағындағы температураның индикаторымен жабдықталған. Бұл символ тоңазытқыш бөлімшенің ең салқын аймағын көрсетеді (5-ші сурет).



5-ші сурет

Индикаторда ОК деген сөздің анық көрсетілетінін тексеріңіз (6-шы сурет). Егер ол сөз көрсетілмейтін болса, онда бұл тоңазытқыштағы температураның тым жоғары екенін білдіреді. Ондай жағдайда температураны термостаттың тұтқасын пайдаланып реттеңіз де, 10 сағат күтіңіз. Индикаторды тексеріңіз. Қажет болған жағдайда температураны реттеуді қайталаңыз.



6-шы сурет

ЕСКЕРІМ:

Егер тоңазытқышқа тым көп өнім жүктелген болса, нмсс егер тоңазытқыштың есікшесі тым жиі ашыла беретін болса, онда индикаторда ОК сөзі көрсетілмеуі мүмкін. Термостаттың тұтқасын одан көрі төмен температураға сәйкес қалыпқа орнатудан бұрын 10 сағат күтіңіз.

Мұздатқыш бөлімше

*** символымен көрсетілген бөлімшелер үшін төмендегі берілген кестені пайдаланыңыз.
Өнімдерді мұздату тек *** символымен көрсетілген бөлімшелерде жүзеге асырыла алады.

2 - 3 Й			
4 - 6 Й			
6 - 8 Й			
10 - 12 Й			

Практикалық кеңестер

- Өнімдерді салқындату үшін ауаның қалыпты циркуляциясын қамтамасыз ету үшін, өнімдерді тоңазытқыштың сөрелерінде бірдей аралықтарда орналастырыңыз.
- Өнімдер тоңазытқыш бөлімшенің артқы қабырғасына тиіп тұрмайтын болуға тиіс.
- Тоңазытқышқа ыстық тамақты қоймаңыз, өйткені бұл тоңазытқышқа бұрын салынған тамақтың бүлінуіне және электр энергиясы шығынының жоғарылауына әкеліп соғуы мүмкін.
- Өнімдерді тоңазытқышқа салардан бұрын олардың орамасын алып тастаңыз.
- Тоңазытқышқа тәрелкелер мен басқа ыдысты алдын ала жумай қоймаңыз.
- Суық ауа жіберуге арналған желдеткіштің ойықтарын өнімдермен көлегейлемей.
- Ауаның қалыпты циркуляциясын қамтамасыз ету үшін, көкөністерге арналған жәшіктің шыны сөресін жаппаңыз.
- Мұздатқыш бөлімшеде сусындар бар шөлмектерді сақтамаңыз, өйткені мұздаған кезде олар жарылуы мүмкін.
- Электр энергиясын жіберуде ұзақ үзіліс болған жағдайда, тоңазытқыштың есікшесі ашылмауға тиіс. Бұл тамақтың мүмкіндігінше ұзақ салқын күйінде қала беруі үшін қажет.
- Тоңазытқыштың температурасы жоғары және ылғалдылығы жоғары үй-жайда орнату, сондай-ақ тоңазытқыштың есікшесінің жиі аша беру мен ода көкөністердің тым көп көлемін сақтау конденсаттың түзілуіне және электр аспаптың қалыпты жұмысының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Электр энергиясының тұтынысының тым жоғарылауына жол бермеу үшін, тоңазытқыштың есікшесінің тым жиі және тым көп уақытқа аша бермеңіз.


ӨНІМДЕРДІ МҰЗДАТУ

- Өнімдер тың болуға тиіс.
- Мұздату жылдам жүруі үшін, бір мезгілде өнімдердің шағын көлемін мұздатыңыз. Мұздатылатын өнімдердің көлемі тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында көрсетілген максималды мәннен аспайтын болуға тиіс.
- Өнімдерді мұздатқан уақытта мұздатылғанын есікшесін ашпаңыз.
- Мұздатылатын өнімдер герметикалық қапталымда болуға тиіс.
- Мұздатылатын өнімдер бұрын мұздатылған өнімдермен жанаспауға тиіс.
- Пакеттерге немесе контейнерлерге оларда өнімдердің мұздатылған күндері көрсетілген құлақшалар жапсырыңыз.
- Жібітілген өнімдерді қайта мұздатуды жүзеге асырмаңыз. Жібітілген өнімдерді бірден тамаққа пайдалану керек.

ЕСКЕРІМ:

ДИСПЛЕЙІ ЖОҚ ТОҢАЗЫТҚЫШТАР

Әдетте термостаттың тұтқасын пайдалану арқылы температураны реттеуді жүзеге асыру талап етілмейді. Тек өзіңіз тоңазытқыш бөлімшеде тым қатты салқындауды анықтаған жағдайда, термостаттың тұтқасын "0" позициясының бағытының бойымен сәл бұруға кеңес беріледі (7-ші сурет). Өнімдерді мұздату аяқталғаннан кейін термостаттың тұтқасын әдеттегі қалпына қайтарыңыз. Тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында мұздатуға болатын өнімдердің максималды көлемі көрсетілген (8-ші суретті қараңыз).



7-ші сурет

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ЖІБІТУ

Тоңазытқыш бөлімшені жібіту

Қалыпты жұмыс жағдайында тоңазытқыш бөлімшені жібіту автоматты түрде орындалады. Тоңазытқыштың артқы қабырғасынан су тамшыларын кетірудің және қырауды кетірудің қажеті жоқ (жұмыс режиміне қарай). Су тоңазытқыштың артқы бөлігіне су ағызатын ойық арқылы ағады және компрессор бөліп шығаратын жылудың әсерімен буланып ұшып кетеді.

- Тоңазытқыш бөлімшенің су ағызатын түтікшесіне су жиналмауы үшін, су ағызатын түтікшенің кірмен бітеліп қалмауын қадағалаңыз (8-ші сурет).


Бұл бұйымда тоңазытқыш бөлімшені жібіту автоматты түрде орындалады.

Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде тоңазытқыш бөлімшенің артқы қабырғасындағы қыраудың немесе су тамшыларының шағын

Су ағызатын ойықтың әрдайым таза болуын және өнімдердің артқы

Мұздатылған бөлімшені қыраудың қалыңдығы 3 мм-ден аспайтын уақытта жібітуге кеңес беріледі.

8-ші сурет



БҰЛ МАҢЫЗДЫ. Бұл жерде, ішінде, сіздің тоңазытқышыңыздың төлқұжаттық табличкасы орналасқан. Онда сіз өз тоңазытқышыңыз істен шыққан жағдайда сервис орталыққа хабарлауға тиіс болатын деректер көрсетілген.

БҰЛ МАҢЫЗДЫ: Егер қоршаған ауаның температурасы тым жоғары болып табылса, тоңазытқыштың компрессоры тоқтамай жұмыс істеуі мүмкін. Бұл орайда тоңазытқыштың ішкі қабырғаларында қырау жылдам өсетін болады. Ондай жағдайда термостаттың тұтқасын одан көрі жоғары температураға сәйкес келетін қалыпқа орнатыңыз (1-2)




8-ші сурет

Мұздатқыш бөлімшені жібіту (NO-FROST технологиясы жоқ тоңазытқыштар)

Мұздатқыш бөлімшедегі қыраудың қалыңдығы 3 мм-ден асқан уақытта, электр энергиясының тұтынысын төмендету үшін тоңазытқышты жібітуді жүзеге асыру қажет.

1) Термостаттың тұтқасын "0" қалпына орнатыңыз (9-шы сурет).



9-шы сурет

- 2) Тоңазытқыштың қоректендіру бауын электр розеткасынан ағытыңыз.
- 3) Мұздатқыш бөлімшеден мұздатылған өнімдерді шығарып, оларды уақытша салқын орынға қойыңыз.
- 4) Жібітуді жылдамдату үшін мұздатқыш бөлімшенің есікшесін ашық қалдырыңыз.
- 5) Мұздатқыш бөлімшенің түбінде жиналған суды жинап алыңыз
- 6) Мұздатқыш бөлімшені құрғатыңыз.
- 7) Тоңазытқыштың қоректендіру бауын электр розеткасына қосыңыз да, керекті температураны орнатыңыз.
- 8) Біраз тоса тұрыңыз да, тоңазытқыштың мұздатқыш бөлімшесіне мұздатылған өнімдерді салыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Жібіту үшін ашық отты және қыздырғыштар, бумен тазалағыштар, білтелер, майшамдар секілді және секілді жабдықты және тоңазытқышты жібіту үдерісін тездету үшін сол іспетті құрылғыларды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

Тоңазытқыштың ішінде түзілген мұзды немесе қырауды пышақпен немесе басқа бір өткір затпен қырмаңыз. Бұл тоңазытқыш жүйенің зақымдалуына және одан тоңазытқыш агенттің ағуына әкеліп соғуы, ол өртке немесе сіздің көзіңізді зақымдауға әкеліп соғуы мүмкін.

Мұздатқыш бөлімшені жібіту (NO-FROST технологиясы бар тоңазытқыштар)

Жібіту автоматты түрде жүзеге асырылады.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Жарықтандыру

Жарықдиодты жарықтандыру

Бұл бұйымда жарықдиодты шамдар пайдаланылады. Ол шамдарды ауыстыруды жүзеге асыру үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласу керек. Шамдарды ауыстыруды тек уәкілетті сервистік орталықтың маманы ғана жүзеге асыра алады. Тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектер пайдаланылуға тиіс.

Жарықдиодты шамдар әдеттегі шамдармен салыстырғанда ұзақ қызмет мерзіміне ие және қоршаған ортаны ластамайды.

Тоңазытқышты тазалау

• Тоңазытқышты тазалауды жүзеге асырудан бұрын, электр тогының соққысы алу тәуекеліне жол бермеу үшін, тоңазытқыштың қоректендіру бауының ашасын электр розеткасынан ағытыңыз

• Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерінің үстіне су құймаңыз. Бұл тоңазытқыштың бөлшектерінің тотықтануына және электр оқшауламаның зақымдалуына әкеліп соғуы мүмкін

МАҢЫЗДЫ:

Тоңазытқыштың ішкі беттері мен пластмасс бөлшектерінің жарылуына жол бермеу үшін, төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз:

- Пластмасс бөлшектерден майдың іздерін кетіріңіз.
- Тоңазытқыштың ішкі бөлшектерін, тығыздағыш аратөсемдерін және сыртқы беттерін ас содасының жылы ерітіндісіне немесе бейтарап сабын ерітіндісіне суланған шүберекпен тазалау керек. Тазалау үшін еріткіштерді, аммиакты, ағартқыштарды және абразивтік тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

• Тоңазытқыш пен оның есікшесінен сөрелер мен басқа да керек-жарақтарды шығарыңыз. Оларды ыстық сабынды сумен жуыңыз. Таза сумен шайыңыз да, мұқият құрғатыңыз.

• Тоңазытқыштың артқы қабырғасының сыртында шаң жинақталады, оны шаңсорғышты пайдалану арқылы кетіруге болады. Оның алдында тоңазытқышты өшіру және оны электр желісінен ажырату қажет.

Тоңазытқыштың артқы қабырғасынан шаңды кетіру электр энергиясының тұтынысын төмендетуді қамтамасыз етеді

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ

Электр энергиясының тұтынысын азайту үшін, біз сізге мыналарға кеңес береміз:

- Электр аспапты жылу көздері жақын орнатпау, оны тура күн көзінің әсеріне ұшыратпау және оны жақсы желдетілетін үй-жайда орнату керек.
- Тоңазытқыштың ішіндегі температураны жоғарылатпау, оның компрессордың үзіліссіз жұмыс істеуіне әкеліп соқпауы үшін, оған ыстық тамақ қоймау керек.
- Тоңазытқыштың ішінде ауаның қалыпты циркуляциясын қамтамасыз ету үшін, тоңазытқышқа өнімдердің тым көп көлемін салмау керек.
- Суықтың жақсы жіберілуін қамтамасыз ету үшін, тоңазытқыштың ішкі қабырғаларында қырау түзілген кезде оны жібіту керек. (ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ЖІБІТУДІ қараңыз).
- Электр энергиясын жіберу бұзылған жағдайда, тоңазытқыштың есікшелерін аспаған дұрыс.
- Тоңазытқыштың есікшелерін мүмкіндігінше сирек және мүмкіндігінше аз уақытқа ашу керек.
- Термостатты тым төмен температураға орнатпау керек.
- Тоңазытқыштың артқы қабырғасында жинақталған шаңды кетіріп отыру керек (ТАЗАЛАУДЫ қараңыз).

Тоңазытқыштың жұмысына ілесетін шуылдар

Тоңазытқыштың жұмысына қалыпты шуылдар ілеседі, мысалы:

- **ГУИЛДЕУ** - компрессор жұмыс істеп тұр.
- **СЫРЫЛДАУ, СЫЛДЫРЛАУ және ЫСЫЛДАУ** - түтікшелер арқылы тоңазытқыш агент ағуда.
- **ШЫРТЫЛДАР** - компрессордың мезгіл-мезгіл өшіріліп отыуы. Вибрациядан туындаған шуылдарды төмендетуге арналған шаралар:
- **Контейнерлер бір біріне жанасып тұр:** «Контейнерлер мен шыны ыдыстың араларын алшақтатыңыз.
- **Сөрелер мен жәшіктер дірілдейді:** Тоңазытқыштың ішіндегі керек-жарақтың дұрыс орнатылуын тексеріңіз.

ЕСКЕРІМ:

Тоңазытқыш агенттің ағысы тіпті компрессор өшірулі тұрған кезде де шуыл туғызады. Бұл ақаулық емес, қалыпты құбылыс болып табылады.

Егер сіз тоңазытқыштың ішінде шыртылдаған дыбыстарды естісеңіз, бұл қалыпты құбылыс. Бұл әр түрлі материалдардың жылудан кеңейетініне байланысты.

Тоңазытқыштың есікшелерін басқа жаққа ауыстырып ілу


Тоңазытқыштың есікшелерін оң жаққа немесе сол жаққа қарай ашуға болуы үшін, оларды басқа жаққа ауыстырып ілуге болады

ЕСКЕРІМ:


- Тоңазытқыштың есікшелерін ауыстырып ілуді білікті маман орындауға тиіс.
- Тоңазытқыштың есікшелерін ауыстырып ілу кепілдік бойынша орындалмайды.

REVERSING THE OPENING OF THE DOORS


Ол үшін бұрауышты пайдаланып, үстіңгі панель мен топса




Үстіңгі есікшені шешіп алыңыз.



Ортаңғы топса мен топсаның астында орналасқан оның.




Астыңғы есікшені шешіп алыңыз.




Оң жақтағы астыңғы топса мен сол жақта орналасқан пластмасс жапқыштарды шешіп алыңыз және




Астындағы топсаны сол жаққа орнатыңыз




Есікшелер мен топсаларды орнатуды төменнен жоғары қарай



БҰЙЫМ МЕН ОЛ ОҒАН ҚОСА ОРНАТЫЛАТЫН АСУЙ ЖИҒАЗЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІ



Модельдер:
СКВС 3150Е/1
СКВС 3160Е/1
СКВС 3180Е/1




Модельдер:
СКВС3350Е/1
СКВС3380Е/1

ТОҒАЗЫТҚЫШТЫ ПЕНАЛҒА ОРНАТУ


Тоңазытқышты пеналға пеналдың қабырғасы мен тоңазытқыштың есікшелерінің топсалары тұрған жаққа қарама-қарсы тоңазытқыштың қапталдық қабырғасының арасындағы саңылау кем дегенде 3-5 мм болатындай етіп орнатыңыз.

1




Тоңазытқыштың есікшелерін пеналдың есікшесімен дәлдегеннен кейін тоңазытқыштың төбесін пеналға винттермен бекітіңіз.

2




Тоңазытқыштың табанын винттермен пеналда бекітіңіз

3




Тоңазытқышқа тығыздағыш аратөсемді орнатыңыз. Қажет болған жағдайда артық бөлігін қиып тастаңыз түбіне пластмасс қақпақшаларды орнатыңыз.

4



Айқыш бұрауышты пайдаланып, оң жақ ортаңғы топсаның астында орналасқан жалғастырғыш штифттің қатайтып тартылуын босатыңыз пеналдың оң жақ қабырғасына бұрау үшін оның қалпын реттеңіз.


5




ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКШЕЛЕРІН ПЕНАЛДЫҢ ПАНЕЛЬДЕРІНЕ БЕКІТУ

Тоңазытқыш тоңазытқыштың есікшелерін тоңазытқыш оның ішіне орнатылатын пеналдың панельдеріне бекіту құрылғыларымен жабдықталған (жүктелетін жағы).


Сырғымалы тақтайшаны есікшенің жиһаздық қасбетінің ішкі жағына, қажетті биіктікте.




Пенал мен тоңазытқыштың есікшелерін ашыңыз. Сырғымалы тақтайшаны ысырыңыз.



Бекіткіш винттерге арналған нүктелерді белгілеп, диаметрі 2,5 мм ойықтарды бұрғылап тесіңіз.



Бекітпенің бағыттауыш пластинасындағы тесіктерді пайдаланып, тоңазытқыштың есікшесін пеналдың қасбеттік панеліне бекітіңіз.




ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Тоңазытқышты пеналға орнатқаннан кейін пеналды оның артқы қабырғасы компрессор бөлігі мен қабырға бір біріне тиіп тұрмайтындай, қабырғаға тигенге дейін жылжытыңыз.


Тоңазытқыштың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, тоңазытқыштың артқы жағында орналасқан конденсатордың салқындатылуын қамтамасыз етуге арналған ауаның қалыпты циркуляциясы қажет.

Ол үшін тоңазытқыш оған орнатылатын пеналдың артқы жағынд ауа тартатын қуыс болуға тиіс, оның үстіңгі қимасы көлегейленбеуге тиіс, ал пеналдың алдыңғы жағында желдету торымен жабылған ойық болуға тиіс.

Пеналдағы ойықтардың мөлшерлері.



Пенал мен төбенің арасындағы қашықтық.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ІСКЕ ПАЙДАЛАНУДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ

Егер тоңазытқыштың ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтыны жорамалданатын болса :

- 1) Тоңазытқышты өшіріңіз(ІСКЕ ПАЙДАЛАНУДЫ қараңыз).
- 2) Тоңазытқыштың қоректендіру бауының ашасын электр розеткасынан суырыңыз немесе оны электр қалқандағы автоматты ажыратқыштың контактыларын ажырату арқылы ажыратыңыз.
- 3) Тоңазытқышты тазалауды жүзеге асырыңыз.
- 4) Тоңазытқыштың есікшелерін ашық қалдырыңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ЖОЮ
Тоңазытқыштың ішіндегі жарық қосылмайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Электр энергиясы жіберіліп тұрған жоқ. • Тоңазытқыштың есікшесіндегі шеттік ажыратқыш бұғатталған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қоректендіру бауы электр розеткасына жалғанбаған. • Электр аспаптың өшірулі тұрмағанын тексеріңіз (Температураны реттеуді қараңыз). • Электр желісінде кернеудің бар екенін тексеріңіз. • Оның жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
Тоңазытқыш пен мұздатқыш жетерліктей төмен температураға дейін салқындатылмайды	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың есікшелері жабылмаған. • Тоңазытқыштың есікшелері жиі ашыла береді. • Температураның орнатылымы дұрыс емес. • Тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімшелерге тым көп өнімдер салынған. • Қоршаған ауаның температурасы тым төмен . • Электр энергиясын жіберу бұзылған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың есікшелерінің жабық тұрғанын және тығыздағыш аратөсемнің тығыз қапсырылып тұрғанын тексеріңіз. • Тоңазытқыштың есікшелерін қажеттіліксіз және ұзақ уақытқа аша бермеңіз. • Температураның орнатылымын тексеріңіз және қажет болған жағдайда одан көрі төмен температураны орнатыңыз. (Температураны орнатуды қараңыз). • Тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімшелерде тұрақты температура орнағанша күте тұрыңыз. • Қоршаған ауаның температурасының төлқұжаттық таблицкада көрсетілгенге сәйкес келетінін тексеріңіз (ОРНАТУДЫ қараңыз). • Қоректендіру бауының электр розеткасына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз . • Электр аспаптың қосулы тұрғанын тексеріңіз (Температураны реттеуді қараңыз). • Электр желісінде кернеудің бар болуын тексеріңіз.
Тоңазытқыш бөлімшесіндегі өнімдер мұздатылады.	<ul style="list-style-type: none"> • Температураның орнатылымы дұрыс емес. • Өнімдер тоңазытқыштың артқы қабырғасына тиіп тұр. • Мұздатқыш бөлімшесінде тың өнімдердің тым көп көлемін мұздату тоңазытқыш бөлімшесіндегі температураның төмендеуіне әкеліп соққан. 	<ul style="list-style-type: none"> • Температураның орнатылымын тексеріңіз (Температураны орнатуды қараңыз) және қажет болған жағдайда температураның орнатылымын азайтыңыз . • Өнімдерді тоңазытқыштың артқы қабырғасынан кері ысырып қойыңыз. • Тоңазытқышқа мұздатылатын өнімдердің тым көп көлемін салмаңыз МҰЗДАТУДЫ қараңыз).
Тоңазытқыштың түбі дымқыл болып табылады немесе онда су тамшылары бар	<ul style="list-style-type: none"> • Су ағызатын түтікше бітеліп қалған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Су ағызатын түтікшені таяқшамен немесе су ағызуды қамтамасыз ету үшін лайықты басқа затпен тазалаңыз.
Тоңазытқыштың артқы қабырғасында су тамшылары бар.	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл қалыпты құбылыс. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл ақаулық болып табылмайды (ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ЖІБІТУДІ қараңыз).
Көкөністерге арналған жәшікте су бар.	<ul style="list-style-type: none"> • Ауа циркуляциясы бұзылған. • Көкөністер мен жемістердегі судың құрамы тым көп. 	<ul style="list-style-type: none"> • Көкөністер мен жемістерге арналған жәшікте ауаның циркуляциясына кедергі жасайтын өнімдердің жоқ екенін тексеріңіз. • Жемістер мен көкөністерді пластик таспаға ораңыз, оларды пластик пакеттерге немесе контейнерлерге салыңыз.
Электр қозғалтқыш тоқтаусыз жұмыс істеп тұр.	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың есікшелері жабылмаған. • Тоңазытқыштың есікшелері тым жиі ашыла береді. • Қоршаған ауаның температурасы тым жоғары. • Қыраудың қалыңдығы 3 мм-ден асады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың есікшелерінің жабық тұрғанын және тығыздағыш аратөсемнің тығыз қапсырылып тұрғанын тексеріңіз. • Тоңазытқыштың есікшелерін тым жиі аша бермеңіз. • Қоршаған ауаның температурасының төлқұжаттық таблицкада көрсетілгенге сәйкес келетінін тексеріңіз (ОРНАТУДЫ қараңыз). • Тоңазытқышта одан көрі жоғары температураны орнатыңыз • Тоңазытқышты жібітіңіз.
Мұздатылған өнімдер жібіп жатыр.	<ul style="list-style-type: none"> • Қоршаған ауаның температуралар диапазоны тоңазытқыштың климаттық класынан төмен. Компрессор сирек іске қосылады. • Мұздатқыш бөлімшесінің есікшесі жабылмаған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқышта одан көрі жоғары температураны орнатыңыз немесе бөлмені жылытыңыз. • Тоңазытқыштың есікшесінің жабық тұрғанын және аратөсемнің тығыз қапсырылып тұрғанын тексеріңіз .
WI-FI индикаторы 3 секунд нқосулы) - 1 секунд (өшірулі) сайын жыпылықтап тұр	<ul style="list-style-type: none"> • Маршрутизатор өшірулі тұр. • Қосылыс жоқ. 	<ul style="list-style-type: none"> • Маршрутизаторды қосыңыз. • Бұйымды қайта орнатыңыз (WI-FI қараңыз).

ЕГЕР СІЗ ПРОБЛЕМАНЫ ӨЗ БЕТІҢІЗБЕН ЖОЯ АЛМАСАҢЫЗ, СЕРВИСТІК ОРТАЛЫҚ ХАБАРЛАСЫП, АҚАУЛЫҚТЫҢ ТИПІН ЖӘНЕ ТОҢАЗЫТҚЫШ БӨЛІМШЕНІҢ ІШІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ТӨЛҚҰЖАТТЫҚ ТАБЛИЧКАДА БЕРІЛГЕН ТӨМЕНДЕГІ КӨРСЕТІЛГЕН АҚПАРАТТЫ ХАБАРЛАҢЫЗ.

- Тоңазытқыштың моделі.
- Тоңазытқыштың сериялық нөмірі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Төмендегі берілген кестеге ол сервистік қызметке жүгіну қажет болған жағдайда әрдайым қол астында болуы үшін, тоңазытқышта орналасқан төлқұжаттық табличкадан өз аспабыңыздың сериялық нөмірін көшіріп жазып алыңыз.

Модельдер	СКВС 3150E/1 СКВС 3160E/1 СКВС 3180E/1	СКВС3350E/1 СКВС3380E/1
Жалпы көлемі, литр	260	277
Тоңазытқыш камераның көлемі (пайдалы), литр	190	206
Мұздатқыш камераның көлемі (пайдалы), литр	60	60
Жұмыс кернеуі, 50Гц	220-230	220-230
Максималды тұтынатын қуаттылығы	140	140
Номиналды ток, А	0,8	0,8
Электр энергиясын тұтынуы, кВт/годжыл	264	271
Мұздату өнімділігі, кг/24 сағат	3,5	3,5
Климаттық класы	N-ST	N-ST
Қоректендіру ажыратылған кезде температураны сақтап қалу уақыты, сағат (мұздатқыш камера)	19	18
Қуат тұтыну класы	A+	A+
Электр тогының соққысынан қорғаныш класы	I	I
Тоңазытқыш агент	R600a, (67 гр.)	R600a, (67 гр.)
Шуыл деңгейі	40 дБ	40 дБ
Бұйымның габарит тік мөлшерлері (Б×Е×Т), мм	1769×540×540	1848×540×535
Бұйымның массасы, кг, артық емес	62,5	63,5
Сериялық нөмірі		

Өндіруші осы нұсқаулықтағы басып шығарудың барысында орын алған қателіктер үшін өзіне жауапкершілік қабылдамайды. Өндірушінің өзінің бұйымдарына, бұл орайда негізгі сипаттамаларын сақтай отырып, ол өз бұйымдары үшін пайдалы деп табатын өзгертулер енгізіп отыруға құқығы бар